



## **Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы N 40-IV Заңы.

Палермода 2000 жылғы 13 желтоқсанда қол қойылған Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

## **БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ ТРАНСҰЛТТЫҚ ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КОНВЕНЦИЯСЫ**

**(2008 жылғы 30 тамызда күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2008 ж., N 5, 24-құжат)**

### **1-бап Мақсаты**

Осы Конвенцияның мақсаты трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың анағұрлым тиімді түрде алдын алу және оған қарсы күрес ісіндегі ынтымақтастыққа жәрдемдесу болып табылады.

### **2-бап Терминдер**

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) "ұйымдасқан қылмыстық топ" белгілі бір уақыт кезеңі ішінде болатын және тікелей немесе жанама түрде қаржылық немесе өзге де материалдық пайда табу үшін бір немесе бірнеше елеулі қылмыстарды немесе осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстарды жасау мақсатында келісіп әрекет ететін құрамында үш немесе одан да көп адамдары бар құрылымдық қалыптасқан топты білдіреді;

б) "елеулі қылмыс" төрт жылдан кем емес барынша көп мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе жазаның анағұрлым қатаң шарасымен жазаланатын қылмысты білдіреді;

с) "құрылымдық қалыптасқан топ" тез арада қылмыс жасау үшін кездейсоқ құрылмаған және оның мүшелерінің рөлдері міндетті түрде шартты анықталмаған, мүшеліктің үздіксіз сипаты ескерілген немесе дамыған құрылымы жасалған топты білдіреді;

е) "мүлік" мейлі ол материалды немесе материалсыз, жылжымалы немесе жылжымайтын, заттай немесе құқықтық тұрғыда көрсетілген болса да кез-келген

активтерді, сондай-ақ осындай активтерге арналған құқықты немесе оларға деген мүддені растайтын заңды құжаттарды немесе актілерді білдіреді;

е) "қылмыстан түскен кірістер" қандай да бір қылмыс жасаудың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде сатып алынған немесе алынған кез-келген мүлікті білдіреді;

ф) "тыйым салу" немесе "алып қою" мүлікті беруге, жаңғыртуға, иеліктен шығаруға немесе орнын ауыстыруға уақытша тыйым салуды немесе осындай мүлікті иемденуді уақытша қолға алуды, немесе соттың немесе басқа да құзыретті органның қаулысы бойынша оларды уақытша бақылауды жүзеге асыруды білдіреді;

г) "тәркілеу" соттың немесе басқа да құзыретті органның қаулысы бойынша мүліктен мүлде айыруды білдіреді;

h) "негізгі құқық бұзушылық" қылмыс құрамын құрайтын, оларға қатысты осы Конвенцияның 6-бабында көрсетілген әрекеттер жасалуы мүмкін болуына қатысты, нәтижесінде кіріс алынған кез-келген құқық бұзушылықты білдіреді;

і) "бақылау жасалатын жеткізілім" қандай да бір қылмысты тергеу және осы қылмысты жасауға қатысқан адамдарды анықтау мақсатында олардың құзыретті органдарының рұқсат беруімен және қадағалауымен заңсыз немесе күдік туғызатын жүк партиясын бір немесе бірнеше мемлекеттердің аумағынан әкетуге, алып өтуге немесе әкелуге жол берілетін әдісті білдіреді;

j) "экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымы" қандай да бір өңірдің егемен мемлекеттері құрған, оған мүше мемлекеттер осы Конвенция реттейтін мәселелер бойынша оған өкілеттіктер берген және өзінің ішкі рәсімдеріне сәйкес осы Конвенцияға қол қоюға, оны ратификациялауға, қабылдауға, бекітуге немесе оған қосылуға тиісті түрде уәкілетті ұйымды білдіреді; осы Конвенциядағы "Қатысушы мемлекеттерге" сілтемелер олардың құзыреті шегінде осындай ұйымдарға жатады.

### **3-бап Қолданылу аясы**

1. Осы Конвенция, егер онда өзгеше көрсетілмесе:

а) осы Конвенцияның 5, 6, 8 және 23-баптарына сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға, және

б) егер бұл қылмыстар трансұлттық сипатта болса және ұйымдасқан қылмыстың топтық қатысуымен жасалса, осы Конвенцияның 2-бабында белгіленгендей елеулі қылмыстарға байланысты алдын алуға, тергеуге және қылмыстық қудалауға қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағының мақсаты үшін қылмыстар, егер:

а) ол бірнеше мемлекетте жасалса;

б) ол бір мемлекетте жасалып, бірақ оны дайындаудың, жоспарлаудың, басшылық жасаудың немесе бақылаудың елеулі бөлігі басқа мемлекетте орын алса;

с) ол бір мемлекетте жасалып, бірақ бірнеше мемлекетте қылмыстық әрекеттерін жүзеге асыратын ұйымдасқан қылмыстық топтың қатысуымен жасалса, немесе

д) ол бір мемлекетте жасалып, бірақ оның елеулі салдарлары басқа мемлекетте орын алатын болса, трансұлттық сипатқа ие болады.

#### **4-бап Егемендікті қорғау**

1. Қатысушы мемлекеттер өз міндеттемелерін мемлекеттердің егемендік теңдігі мен аумақтың тұтастығы принциптеріне және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципіне сәйкес осы Конвенцияға сай жүзеге асырады.

2. Осы Конвенциядағы ешнәрсе де Қатысушы мемлекетке екінші мемлекеттің аумағында, оның ішкі заңнамасына сәйкес осы екінші мемлекет органдарының құзыретіне жататын заң құзыретін және функцияларды жүзеге асыруға құқық бермейді.

#### **5-бап Ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысудың криминализациялануы**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет мынадай әрекеттер:

а) мынадай әрекеттердің екеуін немесе біреуін қылмыс жасауға әрекеттенуге жатқызбай және қылмысты әрекеттің нақты жасалуына қарамастан:

i) қаржылық және өзге де материалдық пайда табумен тікелей немесе жанама байланысты мақсатты көздейтін елеулі қылмыс жасауға қатысты, бұл ретте, бір немесе бірнеше адамның сөз байласуы, егер де ол ішкі заңнамада ескерілсе, сондай-ақ сөз байласуға қатысушылардың біреуі оны іске асыру үшін қандай да бір әрекетке сөз байласуды нақты жасағаны немесе ұйымдасқан қылмыстық топтың қатыстылығы болжанады;

ii) кез-келген адамның ұйымдасқан қылмыстық топтың мақсатын және жалпы қылмыстық әрекетін не оның тиісті қылмыс жасау ниетін біле тұра жасаған әрекеті:

а. ұйымдасқан қылмыстық топтың қылмыстық әрекетіне;

б. оның қатысуы жоғарыда көрсетілген қылмыстық мақсатқа жетуге жәрдемдесетінін түсіне тұрып, ұйымдасқан қылмыстық топ әрекетінің басқа да түрлеріне белсенді түрде қатысуы;

б) ұйымдасқан қылмыстық топтың қатысуымен жасалған күрделі қылмыстарға қатысты, ұйымдастыру, басшылық ету, жәрдемдесу, арандатушылық, көмек көрсету немесе кеңес беру қасақана жасалғанда, оларды қылмыстық жазаланылатын әрекет ретінде тану үшін қажет болатын заңнамалық және басқа да шаралар қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағында айтылатын ұғыну, ой, жасырын ниет, мақсат немесе сөз байласу істің объективті нақты жағдайларынан белгілі болуы мүмкін.

Ішкі заңнамасы осы баптың 1(а)(i) тармақтарына сәйкес осындай деп танылған қылмыстар құрамдарының элементі ретінде, ұйымдасқан топтың қатыстылығын қарастыратын Қатысушы-мемлекеттер олардың ішкі заңнамасы, ұйымдасқан

қылмыстық топтың қатысуымен жасалатын барлық қылмыстарды олардың ішкі заңнамасының елеулі қылмыс ретінде қарастыруын қамтамасыз етеді. Осындай Қатысушы-мемлекеттер, сондай-ақ ішкі заңнамасы қылмыс құрамының элементі ретінде осы баптың 1(a)(i) тармағына сәйкес осындай деп танылған сөз байласуды жүзеге асыру жөніндегі әрекеттің іс жүзінде жасалуын қарастыратын Қатысушы-мемлекеттер бұл туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына, өздері осы Конвенцияға қол қойғанда немесе ратификациялық грамотаны немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға беру кезінде хабарлайды.

## **6-бап Қылмыстан түскен табыстарды жылыстатудың криминализациялануы**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес, мынадай әрекеттер:

a) i) егер мұндай мүлік қылмыстан түскен табыс екендігі белгілі болса, бұл мүліктің қылмыстық көзін жасыру немесе тығу мақсатында немесе ол өз әрекетіне деген жауапкершіліктен жалтара алатын негізгі қылмысты жасауға қатысушы кез келген адамға көмек көрсету мақсатында мүліктің айырбасталуы немесе ауыстырылуы;

ii) егер мұндай мүлік қылмыстан түскен табысты білдіретіндігі белгілі болса, оның түпкі сипатын, шыққан көзін, тұрған орнын, билік ету тәсілдерін, орнын ауыстыруды, мүлікке деген құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе бүгіп қалу;

b) өз құқықтық жүйесінің негізгі принциптерін сақтаған жағдайда:

i) егер мүлікті алу сәтінде осындай мүлік қылмыстан түскен табысты білдіретіндігі белгілі болса, мүлікті алу, иелік ету немесе пайдалану;

ii) осы бапқа сәйкес осындай деп танылған қылмыстардың кез-келгенін жасау мақсатындағы сөз байласу, қатысу, қатысты болу немесе кіру оның жасалуына әрекеттену, сондай-ақ оны жасауға жәрдемдесу, арандату, көмек көрсету немесе кеңес беру қасақана жасалса, оларды қылмысты жазалауға жататын әрекет ретінде тану үшін қажет болуы мүмкін заңнамалық және басқа да шараларды қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағын қолдану немесе жүзеге асыру мақсаттары үшін:

a) әрбір Қатысушы-мемлекет осы баптың 1-тармағын негізгі құқық бұзушылықтардың ең үлкен шеңберінде қолдануға тырысады;

b) әрбір Қатысушы-мемлекет негізгі құқық бұзушылықтар қатарына осы Конвенцияның 2-бабында анықталған барлық елеулі қылмыстарды және осы Конвенцияның 5, 8 және 23-баптарында осындай деп танылған қылмыстарды қосады. Қатысушы-мемлекеттердің заңнамаларында нақты негізгі құқық бұзушылықтардың тізбесін болған жағдайда, оған аз дегенде ұйымдасқан қылмыстық топтардың әрекетімен байланысты қылмыстардың барлығын қамтитын ауқымы қосылады;

c) негізгі құқық бұзушылықтарға (b) тармақшасының мақсаттары үшін тиісті Қатысушы-мемлекеттің шегінде, сондай-ақ юрисдикциясының шеңберінен тыс жерде жасалған қылмыстар қосылады. Алайда қандай да бір Қатысушы-мемлекет

юрисдикциясының шеңберінен тыс жерде жасалған қылмыстар, тиісті әрекет жасалған Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес ол қылмыстық жазаланатын болып табылатын және егер қылмыс сонда жасалған болса, осы бап қолданылатын немесе жүзеге асырылатын Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес қылмыстық жазалануы мүмкін болатын жағдайда ғана негізгі құқық бұзушылықты білдіреді;

d) әрбір Қатысушы-мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына осы баптағы ережелердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін өз заңдарының мәтіндерін, сондай-ақ осындай заңдарға кез келген кезекті өзгерістердің мәтіндерін немесе олардың сипаттамаларын береді;

e) егер бұл Қатысушы-мемлекет ішкі заңнамасының негізге алатын принциптері талап етсе, онда осы баптың 1-тармағында көрсетілген қылмыстар негізгі құқық бұзушылықты жасаған адамдарға қатысы жоқтығын көздеуге болады;

f) ұғыну, ой немесе мақсат осы баптың 1-тармағында көрсетілген қылмыс құрамының элементтері ретінде істің объективті нақты жағдайына қарап белгіленуі мүмкін.

## **7-бап Ақшалай қаражаттарды жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі шаралар**

### **1. Әрбір Қатысушы-мемлекет:**

a) банктерге және банктік емес қаржы мекемелеріне, сондай-ақ тиісті жағдайда ақша қаражатын жылыстату тұрғысынан алғанда ерекше осал болып табылатын басқа органдарға қатысты өз құзыреті шеңберінде, ақша қаражаттарын тазартудың барлық түрлерін анықтау және оларға жол бермеу мақсатында реттеу мен бақылаудың барлығын қамтитын ішкі режимін бекітеді, бұған қоса мұндай режим клиенттің жеке басын анықтауға қатысты талаптарға, есептіліктің жүргізілуіне және күмән туғызған мәселелер туралы ақпарат жеткізуге негізделеді;

b) осы Конвенцияның 18 және 27-баптарына залал келтірмей ақшалай қаражаттарды жылыстатуға қарсы күресті жүргізетін, реттейтін, әкімшілік, құқық қорғаушы және басқа органдар (бұған қоса, бұл ішкі заңнамаға сәйкес болғанда сот органдары да) оның ішкі заңнамасымен бекітілетін жағдайларда ұлттық және халықаралық деңгейлерде ақпарат алмасу мен ынтымақтастықты жүзеге асыра алатындай болуын қамтамасыз етеді және осы мақсаттарда ақшалай қаражаттарды жылыстатудың мүмкін жағдайларына қатысты талдау ақпарат жинау, талдау және тарату үшін ұлттық орталық ретінде әрекет ететін қаржылық жедел ақпараттар жөнінде бөлімше құру туралы мәселені қарастырады.

2. Қатысушы-мемлекеттер олардың шекаралары арқылы қолма-қол ақшалай қаражат пен тиісті айналым құралдарының орын ауыстыруын анықтау бойынша және ақпараттың тиісінше қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған кепілдік сақталған жағдайда және заңды капиталдың орын ауыстыруына қандай да бір кедергі жасамай осындай орын ауыстыруды бақылау жөнінде іс жүзінде мүмкін шараларды қолдану

туралы мәселені қарайды. Мұндай шараларға жеке адамдар мен коммерциялық ұйымдар қолма-қол ақшалай қаражаттардың айтарлықтай көлемдерінің трансшекаралық аударылуы және тиісті айналым құралдарының тапсырылуы туралы хабарлауы туралы талаптар кіреді.

3. Осы баптың ережелеріне сәйкес және осы Конвенцияның кез келген басқа баптары үшін залалсыз реттеу және бақылаудың ішкі режимін бекітуде Қатысушы-мемлекеттерге ақшалай қаражатты жылыстатуға қарсы бағытталған өңірлік, өңіраралық және көп жақты ұйымдардың тиісті бастамаларын басшылыққа алу ұсынылады.

4. Қатысушы-мемлекеттер ақшалай қаражатты жылыстатуға қарсы күресу мақсатында сот және құқық қорғау органдарының, сондай-ақ қаржылық реттеу органдары арасындағы ғаламдық, өңірлік, өңірге бағынысты және екі жақты ынтымақтастықты дамыту мен қолдауға тырысады.

## **8-бап Сыбайлас жемқорлықтың криминалдануы**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет:

а) осы лауазымды адам өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде қандай да бір әрекет немесе әрекетсіздік жасауы үшін лауазымды адамның өзіне немесе өзге де жеке немесе заңды тұлғаға арналған қандай да бір құқыққа сыйымсыз артықшылықты жария лауазымды адамның жеке өзіне немесе делдал арқылы уәде ету, ұсыну немесе беру;

б) алаяқтық немесе осы лауазымды адам өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде қандай да бір әрекет немесе әрекетсіздік жасауы үшін лауазымды адамның өзіне немесе өзге де жеке немесе заңды тұлғаға арналған қандай да бір құқыққа сыйымсыз артықшылықты жария лауазымды адамның жеке өзі немесе делдал арқылы қабылдауы қасақана жасалған кезде осы әрекеттерді қылмыстық жазаланылатын әрекет ретінде тану үшін қандай шаралар қажет болса, сондай заңнамалық және басқа да шаралар қабылдайды.

2. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы баптың 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді, оларға қандай да бір шетелдік жария лауазымды адам немесе халықаралық азаматтық қызметкер қатысқан кезде, қылмыстық жазаланатын әрекет ретінде тану үшін қажет болатындай заңнамалық және басқа да шаралар қабылдау мүмкіндігін қарастырады. Әрбір Қатысушы-мемлекет сыбайлас жемқорлықтың басқа да нысандарын қылмыстық жазаланатын нысан ретінде тану мүмкіндігін де қарастырады.

3. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы бапқа сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмысты жасауға сыбайлас ретінде қатысуды қылмыстық жазаланылатын қылмыс ретінде тану үшін қажет болатындай шараларды да қабылдайды.

4. Осы баптың 1-тармағының және осы Конвенцияның 9-бабының мақсаттары үшін жария лауазымды адам немесе Қатысушы-мемлекеттің қылмыстық заңнамасында қолданылатындай функцияларды орындайтын адам осы Қатысушы-мемлекеттің ішкі

заңнамасында анықталғандай қандай да бір жария қызмет ұсынатын болса, ол адам " жария лауазымды тұлға" болып табылады.

### **9-бап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар**

1. Осы Конвенцияның 8-бабында айтылған шараларға қосымша, әрбір Қатысушы-мемлекет адалдыққа көмектесу, сондай-ақ жария лауазымды адамдар арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен анықтау және олар үшін жазалау тұрғысынан талап етілетін және өзінің құқықтық жүйесіне сай келетін дәрежеде заңнамалық, әкімшілік немесе басқа да тиімді шараларды қабылдайды.

2. Әрбір Қатысушы-мемлекет жария лауазымды адамдар арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен анықтау және олар үшін жазалау саласындағы өз органдарының тиімді іс-әрекетін қамтамасыз ету үшін, оның ішінде осындай органдарға олардың әрекетіне заңға қайшы әсер етуге бөгет жасау үшін жеткілікті тәуелсіздік беру жолымен қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды.

### **10-бап Заңды тұлғалардың жауапкершілігі**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет өзінің құқықтық принциптерін ескере отырып, ұйымдасқан қылмыстық топтың қатысы бар елеулі қылмыстарға және осы Конвенцияның 5, 6, 8 және 23-баптарына сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға қатысқаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін белгілеу үшін қажет болатындай шаралар қабылдайды.

2. Қатысушы-мемлекеттердің құқықтық принциптерін сақтау жағдайында заңды тұлғалардың жауапкершілігі қылмыстық, азаматтық-құқықтық немесе әкімшіліктік жауапкершілік болуы мүмкін.

3. Мұндай жауапкершіліктің жүктелуі қылмыс жасаған жеке тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігіне нұқсан келтірмейді.

4. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы баптарға сәйкес жауапқа тартылатын заңды тұлғаларға қатысты, ақшалай санкцияларды қоса алғанда, жазалау шараларына тиімді, шамалас және қылмыстық немесе қылмыстық емес ірқу әсерін қолдануды қамтамасыз етеді.

#### **11-бап Қудалау, сот шешімін шығару және санкциялар**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияның 5, 6, 8 және 23-баптарына сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс жасағаны үшін бұл қылмыстардың қауіптілік дәрежесін ескеретін санкциялар қолдануды көздейді.

2. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияда қамтылған қылмыстарға қатысты құқық қорғау шараларының барынша тиімділігіне қол жеткізу үшін және мұндай

қылмыстардың жасалуына бөгет жасау қажеттігін тиісінше ескере отырып, өзінің ішкі заңнамасында көзделген, осы қылмыстар үшін қылмыстық қудалауға жататын кез келген дискрециялық заңды өкілеттіктің пайдаланылуын қамтамасыз етуге тырысады.

3. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияның 5, 6, 8 және 23-баптарына сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға қатысты, өзінің ішкі заңнамасына сәйкес және қорғау құқықтарын тиісінше ескере отырып, сотқа дейін босату шешімімен байланысты немесе кассациялық шағым немесе наразылық бойынша шешім қабылданғанға дейін белгіленетін шарттар айыпталушының келесі қылмыстық іс жүргізу барысында қатысуын қамтамасыз ету қажеттігін ескеретіндей болуы мақсатында тиісті шаралар қабылдайды.

4. Әрбір Қатысушы-мемлекет, өзінің соттары немесе басқа да құзыретті органдары осы Конвенциямен қамтылатын қылмыстар үшін сотталған адамдарды шартты немесе мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі туралы мәселені қарастырған кезде осындай қылмыстардың қауіптілік сипатын ескеруін қамтамасыз етеді.

5. Тиісті жағдайларда әрбір Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес, осы Конвенциямен қамтылатын кез келген қылмыс үшін қылмыстық қудалауды қозғаудың ұзақ ескіру мерзімін және қылмыс жасауда күдікті адам сот төрелігінен жалтарған жағдайда одан да ұзағырақ ескіру мерзімін белгілейді.

6. Осы Конвенцияда еш нәрсе де осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардың және қолданылатын заңды қарсылықтардың немесе әрекеттердің дұрыстығын анықтайтын басқа да құқық принциптерінің анықталуы әрбір Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасының аясына кіретіндігі туралы принципті қозғамайды, ал осындай қылмыстар үшін қылмыстық қудалау мен жазалау осы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

## **12-бап Тәркілеу және тыйым салу**

### **1. Қатысушы-мемлекеттер:**

а) осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстардан түскен табыстарды немесе өзінің құны осындай табыстардың құнына сәйкес келетін мүліктерді;

б) осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарды жасау кезінде пайдаланылған немесе пайдалануға арналған мүліктерді, жабдықтарды немесе басқа да құралдарды тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажет болатындай шараларды өздерінің ішкі құқықтық жүйелері аясында мүмкін болатындай барынша жоғары дәрежеде қабылдайды.

2. Қатысушы-мемлекеттер осы баптың 1-тармағында атап тізбеленгендердің кез келгенін кейіннен тәркілеу мақсатымен анықтау, іздеу, тыйым салу немесе алып қою мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін талап етілетіндей шараларды қабылдайды.



3. Егер қылмыстан түскен табыстар ішінара немесе толықтай басқа мүлікке айналдырылса немесе өзгертілсе, онда осы бапта көрсетілген шаралар осындай мүлікке қатысты қолданылады.

4. Егер қылмыстан түскен табыстар заңды көздерден алынған мүлікке қосылған болса, онда мүліктің қылмыстардан түсіп қосылған табыстардың бағалау құнына сай келетін бөлігі, тыйым салу немесе алып қою шараларына қатысты кез келген өкілеттіктерге залал келтірілмей, тәркіленуге жатады.

5. Қылмыстардан түскен табыстардан алынған, қылмыстардан түскен табыстар айналдырылған немесе өзгертілінген мүліктен түскен немесе қылмыстан түскен табыстар қосылған мүліктен түскен пайдалар мен басқа олжаларға осы бапта көрсетілген шаралар қылмыстан түскен табыстарға қатысты түрде және дәрежеде қолданылады.

6. Осы Конвенцияның осы бабы мен 13-бабының мақсаттары үшін әрбір Қатысушы-мемлекет өзінің соттары мен құзыретті органдарына банктік, қаржылық немесе коммерциялық құжаттарды ұсыну және оларға тыйым салу туралы қаулы шығаруға уәкілеттік береді. Қатысушы-мемлекеттер банктік құпияны сақтау қажеттілігіне сілтеме жасау желеуімен, осы тармақтың ережелеріне сәйкес шаралар қабылдаудан жалтармайды.

7. Қатысушы-мемлекеттер, қылмыс жасаған адамның қылмыстан немесе тәркілеуге жататын басқа мүліктен түскен болжамды табыстарының заңды шығу тегін дәлелдеуі туралы тараптарды белгілеу мүмкіндігін, осындай талаптар олардың ішкі заңнамасының принциптеріне және сот талқылауы мен өзге де талқылау сипатына сәйкес келетіндей мөлшерде қарастыра алады.

8. Осы баптың ережелері жосықты үшінші тараптың құқықтарына нұқсан келтіретін ереже ретінде түсіндірілмейді.

9. Осы бапта қамтылатын еш нәрсе, онда айтылатын шаралар Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасының ережелеріне сәйкес және олардың сақталуы шартымен анықталатынын және жүзеге асырылатынын белгілейтін принципті қозғамайды.

### **13-бап Тәркілеу мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық**

1. Осы Конвенцияда қамтылатын қандай да бір қылмыс юрисдикциясын кіретін Қатысушы-мемлекеттен осы Конвенцияның 12-бабының 1-тармағында айтылған оның аумағындағы қылмыстардан түскен табыс, мүлік, қылмыс жасаудың құрал-жабдығы және басқа да құралдарын өзінің ішкі құқықтық жүйесінің шеңберінде мүмкін болатын ең жоғары дәрежеде тәркілеу туралы өтініш алған Қатысушы-мемлекет:

а) бұл өтінішті өзінің құзыретті органдарына тәркілеу туралы қаулы алу мақсатында жібереді және мұндай қаулы шығарылған жағдайда оның орындалуын жүзеге асырады; немесе

б) өтініште көрсетілген көлемде және сұрау салушы Қатысушы-мемлекеттердің аумағында орын алған, 12-баптың 1-тармағында айтылған қылмыстардан түскен табыстарға, мүлікке, қылмыстарды жасаудағы құрал-жабдыққа немесе басқа да құралдарға қаншалықты қатысты болса, соншалықты мөлшерде орындау үшін сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің аумағында осы Конвенцияның 12-бабының 1-тармағына сәйкес сот шығарған тәркілеу туралы қаулыны өзінің құзыретті органдарына жібереді.

2. Осы Конвенцияда қамтылатын қандай да бір қылмыс юрисдикциясына жататын басқа Қатысушы-мемлекет жіберген өтінішті алған соң осы Конвенцияның 12-бабының 1-тармағында айтылған қылмыстардан түскен табыстарды, мүлікті, қылмыс жасау құрал-жабдықтарын немесе басқа құралдарды бұдан әрі тәркілеу мақсатында анықтау, ізіне түсу, тыйым салу немесе алып қою үшін шаралар қабылдайды, бұл туралы қаулыны сұрау салушы Қатысушы-мемлекет не осы баптың 1-тармағына сәйкес өтінішке орай сұрау салынған Қатысушы-мемлекет шығарады.

3. Осы Конвенцияның 18-бабының ережелері осы бапқа *mutatis mutandis* қолданылады. 18-баптың 15-тармағында көрсетілген ақпаратқа қосымша осы баптың негізінде жіберілген өтініштерде:

а) осы баптың 1 (а) тармағында көзделген өтінішке қатысты - тәркіленуге қатысты мүліктің сипаты және сұрау салушы Қатысушы-мемлекет сілтеме жасаған және сұрау салынған Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес қаулы шығару үшін шаралар қабылдай алатын фактілер жазылған өтініш;

б) осы баптың 1 (б) тармағында көзделген өтінішке қатысты - өтініште негізге алынған, сұрау сұрау салушы Қатысушы-мемлекет тәркілеу туралы шығарған қаулының заңды түрде жол берілетін көшірмесі, сұрау салынып отырған қаулының орындалу көлеміне қатысты фактілер мен ақпараттың мазмұны жазылған өтініш;

с) осы баптың 2-тармағында көзделген өтінішке қатысты - сұрау салған Қатысушы-мемлекет сілтеме жасайтын фактілер жазылған өтініш және сұрау салынған шаралардың сипаттамасы болады.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген шешімдер немесе шараларды сұрау салынған Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасының ережелеріне және іс жүргізу нормаларына немесе сұрау салған Қатысушы-мемлекеттермен қатынастарда ол байланысты болатын кез келген екі жақты немесе көп жақты шарттарға, келісімдерге немесе уағдаластықтарға сәйкес, олар сақталған жағдайда, қабылдайды.

5. Әрбір Қатысушы-мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына осы баптың ережелерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін өздерінің заңдары мен ережелерінің мәтіндерін, сондай-ақ осындай заңдарға және ережелерге енгізілетін кез келген бұдан кейінгі өзгерістердің мәтіндерін немесе олардың сипаттамаларын табыс етеді.

6. Егер қандай да бір Қатысушы-мемлекет осы баптың 1 және 2-тармақтарында ескерілген шаралардың қабылдануын тиісті келісімнің болуымен негіздеуді қаласа, онда бұл Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияны қажетті және жеткілікті шарттық-құқықтық негіз ретінде қарайды.

7. Егер өтініште айтылатын қылмыстар осы Конвенцияда қамтылатын қылмысқа жатпаса, осы бапқа сәйкес Қатысушы-мемлекет ынтымақтасудан бас тарта алады.

8. Осы баптың ережелері адал үшінші тараптардың құқықтарына залал келтіретін ереже ретінде түсіндірілмейді.

9. Қатысушы-мемлекеттер осы бапқа сәйкес жүзеге асырылатын халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру үшін екі жақты немесе көп жақты шарттар, келісімдер немесе уағдаластықтар жасау мүмкіндігін қарастырады.

#### **14-бап Тәркіленген қылмыстан түскен табыстарға немесе мүліктерге иелік ету**

1. Осы Конвенцияның 12-бабының немесе 13-бабының 1-тармағының негізінде Қатысушы-мемлекет тәркілеген қылмыстан түскен табыстар мен мүлікке осы Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасы мен әкімшілік рәсімдеріне сәйкес иелік етеді.

2. Қатысушы-мемлекеттер ішкі заңнамасында жол берілетін мөлшерде және тиісті сауал алған жағдайда осы Конвенцияның 13-бабына сәйкес басқа Қатысушы-мемлекет жіберген өтініш бойынша әрекет ете отырып, тәркіленген қылмыстан түскен табыстарды немесе мүлікті, ол қылмыстан зардап шеккендерге өтем ақы төлеуі немесе қылмыстан түскен мұндай табыстарды немесе мүлікті олардың заңды иелеріне қайтаруы мүмкін болуы үшін, сұрау салушы Қатысушы-мемлекетке тәркіленген қылмыстан түскен табыстар мен мүлікті қайтару туралы мәселені бірінші кезекте қарайды.

3. Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияның 12 және 13-баптарына сәйкес басқа Қатысушы-мемлекет жіберген өтініш бойынша әрекет ете отырып:

а) қылмыстан түскен табыстардың немесе мүліктердің құнына сәйкес келетін сомаларды немесе мұндай табыстарды немесе мүліктерді не олардың бөлігін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты осы Конвенцияның 30-бабының 2 (с) тармағына осы мақсатқа арналған шотқа немесе ұйымдасқан қылмысқа қарсы мамандандырылған үкіметаралық органдарға аудару туралы;

б) басқа қатысушы-мемлекеттерге тұрақты немесе бір жолғы негізде қылмыстан түскен табыстар мен мүліктің бір бөлігін немесе осындай табыстар мен мүліктерді өткізу нәтижесінде алынған қаражатты өзінің ішкі заңнамасына және әкімшілік рәсімдеріне сәйкес беру туралы келісімдер немесе уағдаластықтар жасау мүмкіндігін ерекше қарай алады.

#### **15-бап Юрисдикция**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияның 5, 6, 8 және 23-баптарына сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға қатысты өзінің юрисдикциясын орнату үшін қажет болуы мүмкін шараларды:

а) қылмыс осы Қатысушы-мемлекеттің аумағында жасалғанда; немесе

б) қылмыс осы Қатысушы-мемлекеттің жалауын қылмыс жасалған кезде көтеріп жүзген кемнің бортында жасалған немесе осы кезде Қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген әуе кемесінде жасалған кезде қабылдайды.

2. Бұған қоса Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияның 4-бабын сақтаған жағдайда осындай кез келген қылмысқа қатысты:

а) қылмыс осы Қатысушы-мемлекеттің азаматына қарсы жасалғанда;

б) қылмысты осы Қатысушы-мемлекеттің азаматы немесе оның азаматтығы жоқ, бірақ аумағында тұратын адам жасағанда; немесе

с) қылмыстар:

i) осы Конвенцияның 5-бабының 1-тармағына сәйкес осындай деп танылған қылмыстардың бірі болғанда және оның аумағында елеулі қылмыстар жасау мақсатымен оның аумағынан тыс жерде жасалғанда;

ii) осы Конвенцияның 6-бабының 1(b)(ii) тармағына сәйкес осындай деп танылған қылмыстардың бірі және осы Конвенцияның 6-бабының 1(a)(i) немесе (ii) немесе b(i) тармағына сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмысты оның аумағында жасау мақсатында оның аумағынан тыс жерде жасалғанда өзінің юрисдикциясын орната алады.

3. Осы Конвенцияның 16-бабының 10-тармағының мақсаттары үшін әрбір Қатысушы-мемлекет қылмыс жасаудағы сезікті адам оның аумағында тұрса және ол оның азаматтарының бірі болуы негізінде мұндай адамды ұстап бермей отырса, осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарға қатысты өзінің юрисдикциясын орнату үшін қажет болуы мүмкін шараларды қабылдайды.

4. Бұған қоса әрбір Қатысушы-мемлекет қылмыс жасауда сезікті адам оның аумағында тұратын және ол оны ұстап бермеген кезде, осы Конвенцияда қамтылған қылмыстарға қатысты өзінің юрисдикциясын орнату үшін қажет болуы мүмкін шараларды қабылдай алады.

5. Егер осы баптың 1 немесе 2-тармақтарына сәйкес өзінің юрисдикциясын жүзеге асырып жатқан Қатысушы-мемлекет басқа Қатысушы-мемлекеттердің бірі осындай әрекеттерге байланысты тергеуді, қылмыстық қудалауды немесе сот талқылауын жүзеге асырып жатқандығы туралы хабарлама алса немесе бұл жайында басқа түрде білсе, тиісті жағдайларда бұл Қатысушы-мемлекеттердің құзыретті органдары өз әрекеттерін үйлестіру мақсатында бір-бірімен консультациялар жүргізеді.

6. Осы Конвенция жалпы халықаралық құқықтар, нормалар үшін залал жасамай, өзінің ішкі заңнамасына сәйкес қатысушы мемлекет бекіткен кез келген қылмыстық юрисдикциясын жүзеге асыруын жоққа шығармайды.

## 16-бап Ұстап беру

1. Осы бап осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарға немесе егер 3-баптың 1(a) немесе (b) тармақтарында ескерілген қылмыстарды жасауға ұйымдасқан қылмыстық топ және сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің аумағында тұрған, тапсырылуы сұралып отырған адам қатысты болған жағдайда, ұстап беру сұралып отырған әрекеттер сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің де, сондай-ақ сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің де ішкі заңнамасына сәйкес қылмыстық жазаланатын әрекет болып табылған жағдайларда қолданылады.

2. Егер ұстап беру туралы өтініш жекелеген бірнеше елеулі қылмысқа байланысты және олардың кейбіреулері осы бапта қамтылмаған болса, онда сұрау салынған Қатысушы-мемлекет осы бапты осындай соңғы айтылған қылмыстарға қатысты да қолдана алады.

3. Осы бап қолданылатын қылмыстардың әрқайсысы ұстап беруге әкеп соғуы мүмкін қылмыстар ретінде Қатысушы-мемлекеттер арасында ұстап беру туралы жасалған кез келген шартқа қосылған болып есептеледі. Қатысушы-мемлекеттер осындай қылмыстарды ұстап беруге әкеп соғуы мүмкін қылмыстар ретінде өздерінің арасында жасалатын ұстап беру туралы кез келген шартқа қосуды міндетіне алады.

4. Егер ұстап беруді шарттың болуына негіздейтін Қатысушы-мемлекет ұстап беру туралы шарт жасаспаған басқа Қатысушы-мемлекеттен ұстап беру туралы өтініш алса, ол осы Конвенцияны осы бап қолданылатын кез келген қылмысқа байланысты ұстап беру үшін құқықтық негіз ретінде қарай алады.

5. Ұстап беруді шарттың болуына негіздейтін Қатысушы-мемлекеттер:

а) осы Конвенцияны бекіту немесе қабылдау немесе оған қосылу туралы құжаттарын немесе ратификациялық грамоталарын сақтауға беру кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына, олар ұстап беру мәселелерінде осы Конвенцияны басқа Қатысушы-мемлекеттермен ынтымақтасу үшін құқықтық негіз ретінде қолданатынын не қолданбайтынын хабарлайды; және

б) егер олар ұстап беру мәселелерінде осы Конвенцияны ынтымақтастық үшін құқықтық негіз ретінде пайдаланбайтын болса, тиісті жағдайларда осы бапты қолдану мақсатында осы Конвенцияның басқа да Қатысушы мемлекеттерімен ұстап беру туралы шарттар жасауға тырысады.

6. Ұстап беруді шарттың болуына негіздемейтін Қатысушы-мемлекеттер өзара қатынастарда осы бап қолданылатын қылмыстарды ұстап беруге әкеп соғуы мүмкін қылмыстар ретінде таниды.

7. Ұстап беру сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасында көзделген шарттарға немесе ұстап беру туралы қолданылатын шарттарға, оның ішінде ұстап

беруге қатысты ең төмен жазалау туралы талаптармен байланысты шарттарға және сұрау салынған Қатысушы мемлекет ұстап беруден бас тартуы мүмкін негіздерге сәйкес жүзеге асырылады.

8. Қатысушы-мемлекеттер осы бап қолданылатын кез-келген қылмысқа қатысты өз ішкі заңнамалары сақталған жағдайда, ұстап беру рәсімін жеделдетуге және осыған байланысты дәлелдемелер беру туралы талаптарды жеңілдетуге күш салады.

9. Сұрау салынған Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасының ережелерін және өзінің ұстап беру туралы шарттары сақталған кезде, жағдай осыны талап етіп, кейінге қалдыруға болмайтын сипат алғанына көз жеткізе отырып және сұрау салған Қатысушы-мемлекеттің өтініші бойынша тапсырылуы сұралып отырған оның аумағында тұратын адамды тұтқынға алуы мүмкін немесе ұстап беру рәсімдерінің барысында оның қатысуын қамтамасыз ету үшін басқа тиісті шаралар қабылдайды.

10. Қылмыс жасауда сезікті адам аумағында тұратын Қатысушы мемлекет, егер ол осындай адамды осы бап қолданылатын қылмыстармен байланысты тек қана ол оның азаматтарының бірі болған соң тапсырмай отырса, ұстап беруді сұраған Қатысушы-мемлекеттің өтініші бойынша, қудалау мақсаты үшін өзінің құзыретті органдарына дәлелсіз кешіктірулерсіз істі беруге міндетті. Бұл органдар, осы Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес қауіпті сипаттағы кез келген басқа да қылмыстар жағдайындағы сияқты өз шешімін қабылдайды және қылмыстық іс жүргізеді. Мүдделі Қатысушы-мемлекеттер осындай қудалауды тиімді қамтамасыз ету үшін іс жүргізу мәселелері мен дәлелдеу мәселелері бойынша бір-бірімен ынтымақтасады.

11. Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес бұл адам сот талқылауының немесе іс жүргізудің нәтижесінде тағайындалған жазасын өтеу үшін бұл мемлекетке қайтарылатын жағдайда бұл адамның тапсырылуы мен берілуі сұралуына байланысты өз азаматтарының бірін ұстап беруге немесе басқа түрде беруге шешім қабылдаған барлық жағдайда және осы Қатысушы-мемлекет пен бұл адамның тапсырылуын сұраған Қатысушы мемлекет олар орынды деп есептеген осындай тәртіп пен басқа да жағдайларға келіссе, осындай шартты ұстап беру немесе беру осы баптың 10-тармағында белгіленген міндеттердің орындалуы үшін жеткілікті деп саналады.

12. Егер үкімнің орындалуын іске асыру мақсатында сұралған іздестіріліп жатқан адамды сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің азаматы болғандықтан ұстап беруден бас тартылған болса, сұрау салынған Қатысушы, егер бұған оның ішкі заңнамасында рұқсат етілсе және егер бұл осындай заңнаманың талаптарына сәйкес келсе, сұрап отырған Қатысушының өтініші бойынша үкімді орындау туралы немесе сұрау салушы Қатысушының ішкі заңнамасына сәйкес шығарылған үкімнің қалған бөлігі туралы мәселені қарайды.

13. Кез келген адамға осы бап қолданылатын кез-келген қылмысқа байланысты іс жүргізу жүзеге асыратын іс бойынша іс жүргізудің барлық сатысында әділ қарауға,

бұған қоса аумағында осы адам тұратын Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында көзделген барлық құқықтар мен кепілдіктердің жүзеге асырылуына кепілдік беріледі.

14. Осы Конвенцияда еш нәрсе де, егер сұрау салынған Қатысушы мемлекетте ұстап беру туралы өтініш қандай да бір адамды, оның жынысының, нәсілінің, діни сенімінің, азаматтығының, этникалық шығу тегінің немесе саяси сенімінің себебі бойынша қудалау немесе жазалау мақсатын көздейтінін немесе осы өтінішті қанағаттандыру бұл адамның жағдайына осы себептердің кез келген біреуі бойынша залал келтіруі мүмкіндігін болжауға негіз болғанда ұстап беру міндеттемесін бекітетін ретінде түсіндірілмейді.

15. Қатысушы-мемлекеттер тек қана қылмыстар, салық мәселелерімен де байланысты болып есептелген негізде ғана ұстап беру туралы өтінішті орындаудан бас тарта алмайды.

16. Сұрау салынған Қатысушы-мемлекет тиісті жағдайларда ұстап беруден бас тартылғанға дейін сұрау салған Қатысушы-мемлекетпен, оның өтінішінде жазылған фактілерге қатысты оған өзінің пікірлерін жеткізуге және ақпарат жеткізіп беруге жеткілікті мүмкіндік беру үшін консультациялар жүргізеді.

17. Қатысушы-мемлекеттер ұстап беруді жүзеге асыру не оның тиімділігін арттыру мақсатында екі жақтық немесе көп жақтық келісімдер немесе уағдаласушылықтар жасауға тырысады.

### **17-бап Сотталған адамдарды беру**

Қатысушы-мемлекеттер осы Конвенцияда қамтылған қылмыстар үшін түрмеге қамауға немесе бас бостандығынан айырудың басқа да түрлеріне сотталған адамдар жазаларын өтеу мерзімін олардың аумағында өтей алуы үшін оларды беру туралы екі жақты немесе көп жақты келісімдер немесе уағдаластықтар жасау мүмкіндігін қарастыруы мүмкін.

### **18-бап Өзара құқықтық көмек**

1. Қатысушы-мемлекеттер бір-біріне осы Конвенцияда қамтылған қылмыстарға байланысты, 3-бапта көзделгендей тергеуде, қылмыстық қудалауда және сот талқылауында өзара кең ауқымды құқықтық көмек көрсетеді және егер сұрау салған Қатысушы-мемлекет 3-баптың 1(a) немесе (b) тармағында көрсетілген қылмыстар сипаты бойынша трансұлттық болса және оның ішінде қылмыс жасаудан зардап шеккендер, куәлар, табыстар, қылмыс жасау құралдары немесе осындай қылмыстарға қатысты айғақтар сұрау салынған Қатысушы-мемлекетте болғанда, сондай-ақ осы қылмыстарды жасауға ұйымдасқан қылмыстық топ қатысы болғандығына күдіктенуге ақылға қонымды негіз болса, өзара негізде бір біріне басқа да осы тектес көмек көрсетеді.

2. Сұрау салған Қатысушы-мемлекетте осы Конвенцияның 10-бабына сәйкес заңды тұлға қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін қылмыстарға байланысты тергеу, қылмыстық қудалау және сот талқылауына қатысты сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің тиісті заңдарына, шарттарына, келісімдеріне және уағдаластықтарына орай барынша мүмкін көлемде өзара құқықтық көмек беріледі.

3. Осы бапқа сәйкес берілетін өзара құқықтық көмек, мына мақсаттардың кез келгені бойынша:

- a) жеке адамдардан куәгерлік айғақтар немесе өтініштер алу;
- b) сот құжаттарын тапсыру;
- c) тінту және алып қою немесе тыйым салу жүргізу;
- d) жергілікті учаскелер мен объектілерді қарау;
- e) ақпаратты, заттай айғақтарды және сарапшылардың бағалауын беру;
- f) өкіметтік, банктік, қаржылық, корпоративтік немесе коммерциялық құжаттарды қоса алғанда, тиісті құжаттар мен материалдардың түпнұсқаларын немесе куәландырылған көшірмелерін беру;
- g) дәлелдеу мақсаттары үшін қылмыстан түскен табыстарды, мүлікті, қылмыс жасау құралдарын немесе басқа да заттарды анықтау немесе ізіне түсу;
- h) тиісті адамдардың сұрау салған Қатысушы-мемлекеттің органдарына өз еріктерімен келуіне жәрдемдесу;
- i) сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасына қайшы келмейтін көмектің кез келген басқа да түрін жасау мақсатында сұралуы мүмкін.

4. Қатысушы-мемлекеттің құзыретті органдары ішкі заңнамаға залал келтірмей, басқа Қатысушы-мемлекеттің құзыретті органдарына, егер де ол қылмыстық-құқықтық мәселелерге байланысты ақпарат осы органға тергеудің немесе қылмыстық қудалаудың сәтті аяқталуына немесе жүзеге асырылуына көмек көрсетуі мүмкін немесе осы Конвенцияға сәйкес осы Қатысушы-мемлекеттің өтініш жазуына әкеп соғуы мүмкін деп есептеген жағдайларда осындай ақпаратты бере алады.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес ақпарат беру ақпарат беретін құзыретті органдардың мемлекетіндегі тергеуге және қылмыстық іс жүргізуге залал келтірмей жүзеге асырылады. Ақпаратты алатын құзыретті органдар тіпті уақытша негізде болса да, бұл ақпараттың құпия сипатын сақтау туралы өтінішін орындайды немесе оның пайдаланылуының шектелуін қадағалайды. Бірақ бұл, ақпаратты алатын Қатысушы-мемлекетте жүргізіп жатқан іс жүргізудің барысында оның айыпталушыны ақтайтын ақпаратты ашуына бөгет бола алмайды. Мұндай жағдайда ақпарат алатын Қатысушы-мемлекет ақпараттың ашылуына дейін ақпарат беруші Қатысушы-мемлекетті хабардар етеді және егер осы жайында өтініш алса, ақпарат беруші Қатысушы-мемлекеттермен консультациялар жүргізеді. Егер, ерекше



жағдайларда, уақтылы хабарлама беру мүмкін болмаса, онда ақпарат алатын Қатысушы-мемлекет ақпарат беретін қатысушы мемлекетке осындай ашылу туралы кешіктірмей хабарлайды.

6. Осы баптың ережелері, екі жақты немесе көп жақты болсын, өзара құқықтық көмекті толық немесе ішінара реттеп отырған немесе келешекте реттейтін басқа да қандайда бір шарт бойынша міндеттемелерді қозғамайды.

7. Осы баптың 9-29-тармақтары, егер тиісті Қатысушы-мемлекеттер өзара құқықтық көмек туралы қандай да бір шартпен байланысты болмаса, осы баптың негізінде жіберілген өтініштерге қолданылады. Егер бұл Қатысушы мемлекеттер осындай шартпен байланысты болса, онда егер де Қатысушы-мемлекеттер олардың орнына осы баптың 9-29-тармақтарын пайдалануға келіспесе ғана, бұл шарттың тиісті ережелері қолданылады. Қатысушы-мемлекеттер егер бұл тармақтар ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болса, оларды табанды түрде қолдануды ұсынады.

8. Қатысушы-мемлекеттер осы бапқа сәйкес банктік құпияның негізінде өзара құқықтық көмек беруден бас тартпайды.

9. Қатысушы-мемлекеттер әрекеттерді қылмыс деп тану екі жақтан бірдей болмауы негізінде осы бапқа сәйкес өзара құқықтық көмек беруден бас тарта алады. Бірақ сұрау салынған Қатысушы-мемлекет, егер ол оны орынды деп есептесе, әрекеттер сұрау салынған қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес қылмыс болып табылуы немесе табылмайтынына қарамастан көлемін ол өз қалауы бойынша белгілейтін тиісті көмек береді.

10. Бір Қатысушы-мемлекеттің аумағында қамауға алынған немесе түрмеге қамау мерзімін өтеп жүрген және басқа Қатысушы-мемлекетке осы Конвенцияда қамтылған қылмыстарға байланысты тергеу, қылмыстық қудалау немесе сот талқылауы үшін жеке басын анықтау, айғақтар беру немесе дәлелдер алуда басқа көмек көрсету мақсаттары үшін қажет болып отырған адам мынадай шарттар сақталған жағдайда:

а) осы адам бұған өзінің саналы түрде ерікті келісімін берген;

б) Қатысушы-мемлекеттердің екеуінің де құзыретті органдары осы Қатысушы-мемлекеттер тиісті деп есептеуі мүмкін жағдайларда келісімге қол жеткізген жағдайда берілуі мүмкін.

11. Осы баптың 10-тармағының мақсаттары үшін:

а) адам берілетін Қатысушы-мемлекет бұл адамды берген Қатысушы-мемлекет өзгеше сұрамаса немесе өзгеше санкция бермесе, берілген адамды қамауға ұстауға құқылы және міндетті;

б) адам берілетін Қатысушы-мемлекет бұрын келісілгендей немесе екеуінің де құзыретті органдары өзгеше келіскендей, осы адамды берген Қатысушы-мемлекеттің билігіне қайтару жөнінде өз міндеттемесін кешіктірмей орындайды;

с) адам берілетін Қатысушы-мемлекет, бұл адамды берген Қатысушы-мемлекеттен оны қайтару үшін ұстап беру рәсімін қозғауды талап етпейді;

d) берілген адамның, оны берген мемлекеттегі жазасын өтеу мерзіміне берілген Қатысушы-мемлекеттің қамауында болған мерзімі қосылады.

12. Осы баптың 10 және 11-тармақтарына сәйкес қандай да бір адамды беруге тиіс Қатысушы-мемлекеттің келісімінсіз, бұл адам, оның азаматтығына қарамастан, қылмыстық қудалауға, қамауға алуға, жазалауға немесе осы адамды берген мемлекеттің аумағынан кеткенге дейінгі кезеңге жататын әрекетке, әрекетсіздікке немесе сотталуға байланысты қандай да бір басқа жеке басының бостандығының шектелуіне тартылмайды.

13. Әрбір Қатысушы-мемлекет өзара құқықтық көмек көрсету жөніндегі өтініштерді алуға және не олардың орындалуына, не олардың орындалуы үшін құзыретті органдарға өткізілуіне жауапты болатын орталық орган тағайындайды және тиісті өкілеттіктерге ие болады. Егер Қатысушы-мемлекетте өзара құқықтық көмек көрсетудің жеке жүйесі бар өңір немесе аумақ болатын болса, ол осындай өңірге немесе аумаққа қатысты осындай функцияны орындайтын ерекше орталық орган тағайындай алады.

Орталық органдар алынған өтініштердің жедел және тиісті орындалуын немесе өткізілуін қамтамасыз етеді. Егер де орталық орган құзыретті органға орындалуы үшін өтінішті өткізсе, ол құзыретті органның осы өтінішті жедел және тиісті орындауына жәрдем етеді. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияны қабылдау немесе бекіту немесе оған қосылу туралы ратификациялық грамоталарын немесе құжаттарын сақтауға тапсырған кезде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы мақсатпен тағайындалған орталық орган туралы хабардар етіледі. Өзара құқықтық көмек көрсету туралы өтініштер және кез келген оларға қатысты хабарламалар Қатысушы-мемлекеттер тағайындаған орталық органдарға өткізіледі. Бұл талаптар Қатысушы-мемлекеттің осындай өтініштер мен хабарламалар оған дипломатиялық арналары арқылы және төтенше жағдайларда, егер бұл мүмкін болса, Қатысушы-мемлекеттер бұл жөнінде уағдаласқан кезде халықаралық қылмыстық полиция ұйымдары арқылы жіберілуін талап ететін құқығына залал келтірмейді.

14. Өтініштер жазбаша түрде немесе егер бұл мүмкін болса, сұрау салынған Қатысушы-мемлекетке түпнұсқалықты бекітуге мүмкіндік беретін жағдайларда осы Қатысушы-мемлекетке қолайлы тілде жазба жасауға мүмкіндік беретін кез келген басқа құралдың көмегімен жіберіледі. Осы Конвенцияны қабылдау немесе бекіту немесе оған қосылу туралы ратификациялық грамоталарын немесе құжаттарын сақтауға тапсыруда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы әрбір Қатысушы-мемлекетке қолайлы тіл немесе тілдер туралы хабардар етіледі.

Төтенше жағдайларда және бұл Қатысушы-мемлекеттермен келісілген жағдайда өтініштер ауызша түрде жіберілуі мүмкін, бірақта ол кешіктірілмей жазбаша түрде расталады.

15. Өзара құқықтық көмек көрсету туралы өтініште:

a) өтініш жасаған органның атауы;

b) өтінішке байланысты мәселе мәні мен тергеудің, қылмыстық қудалаудың немесе сот талқылауының, сипаты, сондай-ақ бұл тергеуді, қылмыстық қудалауды немесе сот талқылауын жүзеге асыратын органның атауы мен функциялары;

c) сот құжаттарын тапсыруға қатысты өтініштерге қатыстылардан басқа тиісті фактілердің қысқаша мазмұны;

d) сұралған көмектің сипаты және сұрау салған Қатысушы-мемлекет оның сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылатын кез келген нақты рәсім туралы жан-жақты ақпарат;

e) мүмкіндігінше кез келген тиісті адамның жеке басы, тұратын жері, азаматтығы туралы мәліметтер; және

f) сұрау салынған айғақтардың, ақпараттардың немесе шаралардың мақсаты көрсетіледі.

16. Сұрау салынған Қатысушы-мемлекет, егер бұл ақпарат оның ішкі заңнамасына өтініштің орындалуы үшін қажетті болса, немесе бұл ақпарат мұндай өтініштің орындалуын жеңілдетсе алса, қосымша ақпарат сұрай алады.

17. Өтініш сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес және сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасына қайшы келмейтіндей мөлшерде, мүмкіндігінше өтініште көрсетілген рәсімдерге сәйкес орындалады.

18. Бұл қаншалықты мүмкін болса, сонша мөлшерде және ішкі заңнаманың негізгі принциптеріне сәйкес келсе, егер қандай да бір адам Қатысушы-мемлекеттің аумағында болса және басқа Қатысушы-мемлекеттің сот органдары куә немесе сарапшы ретінде тыңдауға тиіс болса, бір Қатысушы-мемлекет басқа Қатысушы-мемлекеттің өтініші бойынша, егер тиісті адамның сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің аумағында жеке қатысуы мүмкін болмаса немесе міндетті емес болса, тыңдауды бейне байланыстың көмегімен жүргізуге рұқсат бере алады. Қатысушы-мемлекеттер сұрау салған Қатысушы-мемлекеттердің сот органдары мен сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің сот органдары өкілдерінің қатысуымен тыңдауды жүргізу туралы келісе алады.

19. Сұрау салушы Қатысушы-мемлекет сұрау салынған Қатысушы-мемлекет тергеуді, қылмыстық қудалауды немесе сот талқылауын жүзеге асыру үшін берген өтініште көрсетілгендерден басқа дәлелдерді немесе ақпаратты сұрау салынған Қатысушы-мемлекеттің алдын ала ескерілген келісімінсіз бермейді және пайдаланбайды. Осы тармақта еш нәрсе де сұрау салушы Қатысушы-мемлекетке онда жүргізіліп жатқан іс жүргізу барысында айыпталушыны ақтайтын ақпаратты немесе дәлелді ашуға бөгет болмайды. Бұл жағдайда ақпараттары немесе дәлелдері ашылғанға дейін сұрау салушы Қатысушы-мемлекет сұрау салынған Қатысушы-мемлекетті хабардар етеді және егер бұл туралы өтініш алынған болса, сұрау салынған Қатысушы-мемлекетпен консультациялар жүргізеді. Егер, ерекше жағдайларда,

уақтылы хабардар ету мүмкін болмаса, онда сұрау салушы Қатысушы-мемлекет мұндай ашылулар туралы сұрау салынған Қатысушы-мемлекетке кешіктірмей хабарлайды.

20. Сұрау салушы Қатысушы-мемлекет өтініштің өзін орындау үшін қажеттіні қоспағанда, өтініштің бар-жоғының және мәнінің құпиялылығын сұрау салынатын Қатысушы-мемлекеттің сақтауын талап ете алады. Егер сұрау салынатын Қатысушы-мемлекет құпиялылық туралы талапты орындай алмаса, ол сұрау салушы Қатысушы-мемлекетке сол туралы дереу хабарлайды.

21. Өзара құқықтық көмек көрсетуден:

а) егер өтініш осы баптың ережелеріне сәйкес берілмесе;

б) егер сұрау салынатын Қатысушы-мемлекет өтініштің орындалуы оның егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да өмірлік маңызы бар мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін деп санаса;

с) егер сұрау салынатын Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасы оның органдарына кез келген ұқсас қылмысқа қатысты, егер мұндай қылмыс оның юрисдикциясы шеңберінде тергеудің, қылмыстық қудалаудың немесе сот арқылы шешудің нысанасы болып табылатын болса, оған қатысты сұрау салынатын шаралар қабылдауға тыйым салса;

д) егер өтінішті орындау сұрау салынатын Қатысушы-мемлекеттің өзара құқықтық көмек мәселелеріне қолданылатын құқықтық жүйесіне қарама-қайшы келсе, бас тартуы мүмкін.

22. Қатысушы-мемлекеттер қылмыс салық мәселесіне де байланысты болып есептелуінің негізінде ғана өзара құқықтық көмек туралы өтінішті орындаудан бас тарта алмайды.

23. Өзара құқықтық көмек көрсетуден кез келген бас тарту дәлелденуі тиіс.

24. Сұрау салынатын Қатысушы-мемлекет өзара құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде орындайды және сұрау салушы Қатысушы-мемлекет ұсынған және өтініштің өзінде дәлелденген кез-келген шекті мерзімдерді мүмкіндігінше толық ескереді. Сұрау салынатын Қатысушы-мемлекет сұрау салушы Қатысушы-мемлекеттің өтінішті орындау барысына қатысты орынды сұрау салуларына жауап береді. Сұрау салушы Қатысушы-мемлекет сұрау салынған көмектің енді қажет еместігі туралы сұрау салынатын Қатысушы-мемлекетке дереу хабарлайды.

25. Сұрау салушы Қатысушы-мемлекет жүзеге асырылып жатқан тергеуге, қылмыстық қудалауға немесе сот талқылауына кедергі келтіреді деген негізде, өзара құқықтық көмек көрсетуді кейінге қалдыруы мүмкін.

26. Сұрау салынатын Қатысушы-мемлекет осы баптың 21-тармағына сәйкес өтінішті орындаудан бас тартуға дейін немесе осы баптың 25-тармағына сәйкес оны орындауды кейінге қалдыруға дейін сұрау салынатын Қатысушы-мемлекет қажетті деп

санайтын мерзімдерде және сондай шарттарда көмек көрсете алатындығын анықтау үшін сұрау салушы Қатысушы-мемлекетпен консультациялар жүргізеді. Егер сұрау салушы Қатысушы-мемлекет осындай шарттарда көмекті қабылдайтын болса, ол бұл шарттарды сақтайды.

27. Осы баптың 12-бабын қолдану үшін зиян келтірмей куәгер, сарапшы немесе сұрау салушы Қатысушы-мемлекеттің өтініші бойынша іс жүргізу барысында айғақ беруге немесе сұрау салушы Қатысушы-мемлекеттің аумағында тергеуді, қылмыстық қудалауды немесе сот талқылауын жүзеге асыру кезінде көмек көрсетуге келіскен басқа адам сұрау салынатын Қатысушы-мемлекеттің аумағынан кеткенге дейінгі кезеңге қатысты әрекетіне, әрекетсіздігіне не сотталуына байланысты қылмыстық қудаланбайды, қамауға алынбайды, жазаланбайды не осы аумақта оның жеке басының бостандығы шектелмейді. Егер куәгер, сарапшы немесе өзге де адам сондай адамға сот органдарына қатысуы енді талап етілмейтіні туралы ресми хабарланған күннен бастап кейінгі он бес күн ішінде немесе Қатысушы-мемлекеттер арасында келісілген кез келген мерзім ішінде, сұрау салушы Қатысушы-мемлекеттің аумағынан кету мүмкіндігі болып, бірақ сонда да өз еркімен осы аумақта қалған немесе одан кетіп, сосын өз еркімен қайтып келген болса, жеке қауіпсіздігінің сондай кепілдігі тоқтатылады.

28. Егер мүдделі Қатысушы-мемлекеттер өзгеше келіспесе, өтінішті орындауға байланысты әдеттегі шығындарды сұрау салынатын Қатысушы-мемлекет өтейді. Егер өтінішті орындау айтарлықтай немесе төтенше шығындарды талап етсе немесе талап етуі мүмкін болса, онда Қатысушы-мемлекеттер өтініш орындалатын жағдайларды, сондай-ақ шығындарды өтеудің тәртібін анықтау мақсатында консультациялар жүргізеді.

29. Сұрау салынатын Қатысушы-мемлекет:

а) сұрау салушы Қатысушы-мемлекетке өзінде бар және оның ішкі заңнамасына сәйкес көпшілік үшін ашық үкіметтік материалдардың, құжаттардың немесе ақпараттың көшірмелерін береді;

б) сұрау салушы Қатысушы-мемлекетке толық немесе жартылай немесе тиісті деп санайтын шарттарды сақтай отырып, өзінде бар және оның ішкі заңнамасына сәйкес жалпы үшін жабық кез келген үкіметтік материалдардың, құжаттардың немесе ақпараттың көшірмелерін өз қалауы бойынша беруі мүмкін.

30. Қатысушы-мемлекеттер осы баптың мақсаттарына жауап беретін, оның іс жүзіндегі қолданысын қамтамасыз ететін немесе оның ережелерін бекітетін екі жақты немесе көп жақты келісімдер немесе шарттар жасасу мүмкіндігін қажеттілігіне қарай қарастырады.

## **19-бап Бірлескен тергеулер**

Қатысушы-мемлекеттер бір немесе бірнеше мемлекеттердегі тергеудің, қылмыстық қудалаудың немесе сот талқылауының нысанасы болып табылатын істерге байланысты

құзыретті органдардың бірлескен тергеулер жүргізу жөніндегі органдар құра алатын екі жақты немесе көп жақты келісімдер мен уағдаластықтар жасасу мүмкіндігін қарастырады. Сондай келісімдер немесе уағдаластықтар болмаған жағдайда бірлескен тергеулер әрбір жекелеген жағдайда келісім бойынша жүргізіледі. Тиісті Қатысушы-мемлекеттер аумағында сондай тергеу жүргізілуі тиіс Қатысушы-мемлекеттің егемендігі толық құрметтелуін қамтамасыз етеді.

## **20-бап Тергеудің арнайы әдістері**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет, егер бұған оның ішкі құқықтық жүйесінің негізгі принциптерінде жол берілсе, өз мүмкіндіктері шегінде және оның ішкі заңнамасында белгіленген шарттарда, бақыланатын жеткізілімдерді тиісінше пайдалануда және орынды деп санаған жағдайларда электрондық бақылау немесе бақылаудың басқа нысандары сияқты тергеудің арнайы әдістерін пайдалануға, сондай-ақ ұйымдасқан қылмысқа қарсы тиімді күрес жүргізу мақсатында оның құзыретті органдары оның аумағында тыңшылық операцияларын жүргізуге рұқсат ету үшін қажетті шараларды қабылдайды.

2. Осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарды тергеу мақсаты үшін Қатысушы-мемлекеттер, қажет болғанда, тергеудің осындай әдістерін халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық тұрғысынан пайдалану үшін тиісті екі немесе көп жақты келісімдер не уағдаластықтар жасасуға тартылады. Осындай келісімдер немесе уағдаластықтар мемлекеттердің егемендік принциптері толық сақтала отырып жасалады және жүзеге асырылады әрі сол келісімдердің немесе уағдаластықтардың шарттарына қатаң сәйкестікте іске асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген келісімдер немесе уағдаластықтар болмаған жағдайда тергеудің сондай арнайы әдістерін халықаралық деңгейде пайдалану туралы шешімдер әрбір нақты жағдайда қабылданады және қажет болғанда, мүдделі Қатысушы-мемлекеттер юрисдикциясын жүзеге асыруға қатысты қаржылық уағдаластықтар мен түсіністікті ескерулері мүмкін.

4. Бақыланатын жеткізілімдерді халықаралық деңгейде пайдалану туралы шешімдер , мүдделі Қатысушы-мемлекеттердің келісімімен жүктерді ұстап қалу және оларға тиіспей қалдыру немесе оларды алып қою, не толығымен немесе жартылай ауыстыру сияқты әдістерді қамтуы мүмкін.

## **21-бап Қылмыстық іс жүргізуді беру**

Қатысушы-мемлекеттер осы Конвенцияда қамтылатын қылмысқа байланысты қылмыстық қудалау мақсатында осындай тапсырыс сот төрелігін тиісінше іске асыру

мүдделеріне жауап береді деп саналған жағдайларда, атап айтқанда, қылмыстық істерді біріктіруді қамтамасыз ету үшін бірнеше юрисдикция қозғалған жағдайда іс жүргізуді өзара бір-біріне беру мүмкіндігін қарастырады.

## **22-бап Сотталғандығы туралы мәліметтер**

Әрбір Қатысушы-мемлекет тергеліп жатқан қылмыстың жасалуына сезікті адамға қатысты бұрын басқа мемлекетте шығарылған айыптау үкімін есепке алу үшін қажет болуы мүмкін заңнамалық немесе басқа да шараларды өзі тиісті деп есептейтін шарттар мен мақсатта, осы Конвенцияда қамтылған қылмысқа байланысты қылмыстық іс жүргізу барысында осындай ақпаратты пайдалану үшін қабылдай алады.

## **23-бап Сот төрелігін жүзеге асыруға бөгет жасау әрекеттерінің криминализациялануы**

Әрбір Қатысушы-мемлекет мынадай әрекеттерді:

а) осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарды жасауға байланысты іс жүргізу барысында жалған айғақтар беруге тарту немесе айғақ беру не дәлелдер беру процесіне араласу мақсатында күш қолдану, қауіп-қатер төндіру немесе қорқыту не заңсыз басымдылыққа уәде беру, оны ұсыну немесе беру;

б) осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарды жасауға байланысты іс жүргізу барысында сот немесе құқық қорғау органдары лауазымды адамының өз лауазымдық міндеттерін орындауына араласу мақсатында күш қолдану, қауіп-қатер төндіру немесе қорқыту қасақана жасалғанда, оларды қылмыстық жазаланатындар ретінде тану үшін қажетті заңнамалық және басқа да шаралар қабылдайды. Осы тармақшада ештеңе де Қатысушы-мемлекеттің жария лауазымды адамдардың басқа санатының қорғалуын қамтамасыз ететін заңнамасы болу құқығына зиян келтірмейді.

## **24-бап Куәгерлерді қорғау**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет, өз мүмкіндіктері шегінде, осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарға байланысты айғақ беретін қылмыстық іс жүргізуге қатысатын куәгерлерді және тиісті жағдайларда олардың туыстары мен оларға жақын адамдарды, болуы ықтимал кек алу немесе қорқытудан тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған тиісті шаралар қабылдайды.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шаралар айыпталушының құқықтарына, оның ішінде тиісті қарау құқығына зиян келтірмей, атап айтқанда мыналарды қамтуы мүмкін:

а) осындай адамдарды басқа жерге көшіру үшін мысалы - қажетті және іс жүзінде жүзеге асырылатындай мөлшерде олардың басын қорғау үшін рәсімдер белгілеу және

тиісті жағдайларда рұқсат етілетін, осындай адамдардың жеке басына және тұрған жеріне қатысты ақпаратты жария етпеу немесе ақпаратты осындай жария етуге шектеулер белгілейтін ережелер қабылдау;

б) куәгердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, мысалы, бейне байланыс сияқты байланыс құралдары немесе басқа да тиісті құралдар арқылы куәгерлік айғақтар беруге рұқсат беру мүмкіндігін беретін дәлелдеу ережелерін қабылдау.

3. Қатысушы-мемлекеттер осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдарды көшіруге қатысты басқа мемлекеттермен келісімдер мен уағдаластықтар жасасу туралы мәселені қарастырады.

4. Осы баптың ережелері куәгерлер болып табылатындықтан жәбірленушілерге де қолданылады.

## **25-бап Жәбірленушілерге көмек көрсету және оларды қорғау**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет өз мүмкіндіктері шегінде осы Конвенцияда қамтылған қылмыстардан жәбір көргендерге, әсіресе кек алу қаупі немесе қорқыту жағдайларында көмек беру және қорғау үшін тиісті шаралар қабылдайды.

2. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстардан жәбір көргендерге өтемақы төлеу және зиянын өтеуге мүмкіндік жасауды қамтамасыз ету үшін тиісті рәсімдер белгілейді.

3. Әрбір Қатысушы-мемлекет өз ішкі заңнамасын сақтау шартымен жәбірленушілердің қылмыстық іс жүргізудің тиісті кезеңдерінде қылмыс жасаған адамдарға қатысты көзқарастарын және қауіптенуін айту және қарау үшін, қорғау құқықтарына зиян келтірмейтіндей мүмкіндіктер туғызады.

## **26-бап Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған шаралар**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет ұйымдасқан қылмыстық топтарға қатысатын немесе қатысқан адамдарды:

а) мынандай мәселелермен байланысты тергеу мен дәлелдеу мақсаттарында, құзыретті органдар үшін пайдалы ақпарат жеткізгенде:

i) ұйымдасқан қылмыстық топтардың идентификациялық деректері, сипаты, мүшелер құрамы, құрылымы, орналасқан жері немесе әрекеттері;

ii) байланыстар, оның ішінде басқа ұйымдасқан қылмыстық топтармен халықаралық байланыстар;

iii) ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған немесе жасауы мүмкін қылмыстар;

б) ұйымдасқан қылмыстық топтарды қылмыстардан түсетін қорларынан немесе табыстарынан айыруға әсер ететін құзыретті органдарға нақты көмек көрсеткенде көтермелеу үшін тиісті шаралар қабылдайды.



2. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияда қамтылатын қандай да бір қылмысқа байланысты тергеуде немесе қылмыстық қудалауда елеулі түрде ынтымақтастық жасасатын айыпталушы адамды жазалауды жеңілдету мүмкіндігін көздеу туралы мәселе қарайды.

3. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияда қамтылатын қылмысқа байланысты тергеуде немесе қылмыстық қудалауда елеулі түрде ынтымақтастық жасасатын адамға қылмыстық қудалаудан иммунитет беру мүмкіндігін өз ішкі заңнамасының негізін қалайтын принциптеріне сәйкес көздеу туралы мәселе қарайды.

4. Осындай адамдарды қорғау осы Конвенцияның 24-бабында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген адам бір Қатысушы-мемлекетте бола тұрып, басқа Қатысушы-мемлекеттің құзыретті органдарымен елеулі түрде ынтымақтастық жасайтын жағдайда, мүдделі Қатысушы-мемлекеттер өз ішкі заңнамасына сәйкес басқа Қатысушы-мемлекеттердің осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген режимді беру ықтималдығына қатысты келісімдер мен уағдаластықтар жасасу мүмкіндігін қарастырады.

## **27-бап Құқық қорғау органдарының арасындағы ынтымақтастық**

1. Қатысушы-мемлекеттер осы Конвенцияда қамтылған қылмыстарға қарсы күрес үшін құқық қолдану шараларының тиімділігін арттыру мақсатында өз ішкі құқықтық және әкімшілік жүйелеріне сәйкес бір-бірімен тығыз ынтымақтастық жасасады. Әрбір Қатысушы-мемлекет атап айтқанда:

a) егер мүдделі Қатысушы-мемлекеттер мұны орынды деп санаса, қылмыстық әрекеттің басқа түрлерімен байланысты қоса алғанда, осы Конвенцияда қамтылған қылмыстардың барлық аспектілері туралы ақпаратпен сенімді және тез алмасуды қамтамасыз ету үшін олардың құзыретті органдарының, мекемелерінің және қызметтерінің арасында байланыс арналарын нығайтуға немесе қажет болған жерде орнатуға;

b) осы Конвенцияда қамтылған қылмыстарға байланысты тергеулер жүргізуде:

i) осындай қылмысты жасауда сезікті адамдардың жеке басын, тұрған жері мен қызметін немесе осыған қатысты басқа да адамдардың тұрған жерін

ii) қылмыстардан түскен табыстарды немесе осындай қылмыстарды жасау нәтижесінде алынған мүлікті басқа жерге ауыстыруды;

iii) осындай қылмыстар жасау кезінде пайдаланылған немесе пайдалануға арналған мүліктің, жабдықтардың немесе басқа да құралдардың жылжуын анықтау мақсатында басқа да Қатысушы-мемлекеттермен ынтымақтастық жасауға;

c) тиісті жағдайларда талдау немесе тергеу мақсаттары үшін қажетті құралдарды немесе заттардың қажетті санын беруге;

d) олардың құзыретті органдары, мекемелері және қызметтері арасындағы тиімді үйлестіруге көмек көрсетуге және мүдделі Қатысушы-мемлекеттермен екі жақты келісімдер немесе уағдаластықтар жасасқан жағдайда байланыстар бойынша қызметкерлер жіберуді қоса алғанда, қызметкерлермен және басқа да сарапшылармен қызметкерлер алмасуды көтермелеуге;

e) басқа Қатысушы-мемлекеттермен ұйымдасқан қылмыстық топтар қолданатын нақты құралдар мен әдістер туралы, сонымен қатар тиісті жағдайларда бағыттар мен көліктерді, сондай-ақ жалған жеке куәліктерді, өзгертілген немесе қолдан жасалған құжаттарды немесе олардың қызметін жасыратын басқа да құралдарды пайдалану туралы ақпарат алмасуға;

f) осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарды алдын ала анықтау мақсатында ақпарат алмасуға және қабылданатын әкімшілік және басқа да шараларды үйлестіруге бағытталған тиімді шаралар қабылдайды.

2. Осы Конвенцияны іс жүзінде қолдану мақсатында Қатысушы-мемлекеттер олардың құқық қорғау органдарының арасындағы тікелей ынтымақтастық туралы екі жақты немесе көп жақты келісімдер немесе уағдаластықтар жасау, ал мұндай келісімдер немесе уағдаластықтар болған жағдайда, оларға өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастырады. Мүдделі Қатысушы-мемлекеттердің арасында осындай келісімдер немесе уағдаластықтар болмаған жағдайда Қатысушылар осы Конвенция қамтитын қылмыстарға қатысты құқық қорғау органдарының арасындағы өзара ынтымақтастық үшін негіз ретінде осы Конвенцияны қараулары мүмкін. Тиісті жағдайларда Қатысушы-мемлекеттер өз құқық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту үшін келісімдер мен уағдаластықтарды, оның ішінде халықаралық немесе өңірлік ұйымдардың тетіктерін толық мөлшерде пайдаланады.

3. Қатысушы-мемлекеттер, өз мүмкіндіктері шегінде, қазіргі заманғы технологияларды пайдалану арқылы жасалатын трансұлттық ұйымдасқан қылмыстарға қарсы әрекет жасау мақсатында ынтымақтасуға тырысады.

## **28-бап Ұйымдасқан қылмыстың сипаты жөніндегі ақпарат жинау мен талдау және осындай ақпаратпен алмасу**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет ғылыми-зерттеу орталарымен консультация жүргізе отырып, өз аумағындағы ұйымдасқан қылмыс саласындағы үрдістерге талдау жүргізу, ұйымдасқан қылмыстық топ әрекет ететін жағдайларды, сондай-ақ осы іске тартылған кәсіби топтарды және пайдаланылатын технологияларды зерттеу мүмкіндігін қарастырады.

2. Қатысушы-мемлекеттер ұйымдасқан қылмыстық әрекеттерге қатысты талдамалық білімдерін кеңейту, өздерінің арасында және халықаралық, өңірлік

ұйымдар арқылы осы білімдерін алмасу мүмкіндігін қарастырады. Осындай мақсатпен тиісті жағдайларда жалпы анықтамалар, стандарттар және әдіснамалар әзірленуі және пайдаланылуы тиіс.

3. Әрбір Қатысушы-мемлекет ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі өз саясатын және практикалық шараларды бақылауды іске асыру, сондай-ақ олардың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауды жүргізу мүмкіндігін қарастырады.

## **29-бап Кадрларды даярлау және техникалық көмек**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет құқық қорғау органдарының персоналын, прокуратура қызметкерлерін, тергеушілерді және кеден органдарының қызметкерлерін сондай-ақ осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстардың алдын алу, анықтау және жолын кесу үшін жауапты басқа да қызметкерлерді даярлаудың нақты бағдарламасын қажетті шекте әзірлейді, жүзеге асырады немесе жетілдіреді. Осындай бағдарламаларға қызметкерлерді іссапарға жіберу және қызметкерлер алмасу енгізіледі. Осындай бағдарламалар ішкі заңнамада рұқсат етілетін мөлшерде, атап айтқанда, мынадай мәселелерге:

а) осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстардың алдын алу, оларды анықтау және жолын кесу кезіндегі пайдаланылатын әдістерге;

б) осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарға қатысы бар сезікті адамдар пайдаланатын, оның ішінде транзит мемлекеттерінде пайдаланылатын бағыттар мен құралдарға, сондай-ақ тиісті жауап шараларына;

с) контрабанда заттарының орнын ауыстыруды бақылауға;

д) қылмыстардан түскен табыстарды, мүліктерді, қылмыс жасау жабдықтарын немесе басқа да құралдарын және сондай табыстарды, мүліктерді, жабдықтарды немесе қылмыс жасаудың басқа да құралдарын беру, тығу немесе жасыру әдістеріне, сондай-ақ ақшалай қаражаттарды жылыстату мен басқа да қаржылық қылмыстарға қарсы күресте пайдаланылатын әдістерді анықтауға және олардың орын ауыстыруын қадағалауға;

е) дәлелдемелер жинауға;

ф) еркін сауда аймақтары мен еркін порттарда бақылау тәсілдеріне;

г) электрондық бақылауды, бақыланатын жеткізулерді және тыңшылық операцияларды қоса алғанда, құқық қорғау органдарының жұмысында пайдаланылатын қазіргі заманғы жабдықтар мен әдістерге;

h) компьютерлерді, телекоммуникациялық желілерді және қазіргі заманғы технологиялардың басқа да түрлерін пайдалану арқылы жасалатын трансұлттық ұйымдасқан қылмыстарға қарсы күресте пайдаланылатын әдістерге; және

і) жәбірленушілерді және куәгерлерді қорғау кезінде пайдаланылатын әдістерге қатысты болады.

2. Қатысушы-мемлекеттер осы баптың 1-тармағында көрсетілген салалардағы арнайы білімдермен алмасуды қамтамасыз ету жүктелген кадрларды зерттеу және

даярлау бағдарламаларын жоспарлау мен жүзеге асыруда бір біріне көмек көрсетеді және осы мақсатта, тиісті жағдайларда ынтымақтастықты қолдау және өзара қызығушылықты туғызатын проблемаларды, оның ішінде транзит мемлекеттерінің ерекше проблемалары мен қажеттіліктерін талқылауды қолдау үшін де өңірлік және халықаралық конференциялар мен семинарларды пайдаланады.

3. Қатысушы-мемлекеттер өзара құқықтық көмекке жәрдемдесетін кадрларды даярлауға және техникалық көмек көрсетуге ықпал етеді. Кадрларды даярлаудағы осындай көмек және техникалық көмек шетел тілдерін оқып үйренуді, орталық органдардың және тиісті функцияларды атқаратын мекемелердің қызметкерлерін іссапарға жіберу және қызметкерлер алмасуды қамтуы мүмкін.

4. Қолданыстағы екі жақты және көп жақты келісімдер немесе уағдаластықтар жағдайында Қатысушы-мемлекеттер, қажеттілігіне қарай, халықаралық және өңірлік ұйымдар шегінде және басқа да екі жақты және көп жақты келісімдер немесе уағдаластықтар шегінде практикалық және оқу іс-шараларының тиімділігін барынша арттыруға бағытталған күш-жігерді жандандырады.

### **30-бап Басқа да шаралар: осы Конвенцияны экономикалық даму және техникалық көмек арқылы жүзеге асыру**

1. Қатысушы-мемлекеттер ұйымдасқан қылмыстың жалпы қоғам үшін, оның ішінде тұрақты даму үшін теріс салдарын ескере отырып, халықаралық ынтымақтастық арқылы мүмкіндігінше осы Конвенцияның барынша жүзеге асырылуына жәрдемдесетін шаралар қабылдайды.

2. Қатысушы-мемлекеттер мүмкіндігінше және бір бірімен, сондай-ақ халықаралық және өңірлік ұйымдармен үйлесе отырып:

a) трансұлттық ұйымдасқан қылмыстардың алдын-алу және оған қарсы күрес саласында дамушы елдердің мүмкіндіктерін нығайту мақсатында осы елдермен әртүрлі деңгейлерде өз ынтымақтастығын жандандыру;

b) трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы әрекетті тиімді жасау жөнінде дамушы елдердің күш-жігерін қолдау және осы Конвенцияны табысты жүзеге асыру үшін оларға көмек көрсету мақсатында қаржылық және материалдық көмекті кеңейту;

c) дамушы елдерге және экономикасы өтпелі кезеңдегі елдерге осы Конвенцияны жүзеге асыруға байланысты олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға жәрдемдесу мақсатында техникалық көмек көрсету үшін нақты күш-жігер жұмсайды. Сол үшін Қатысушы-мемлекеттер осы мақсатқа нақтылы арналған есепшотқа Біріккен Ұлттар Ұйымы жасаған қаржыландыру тетігімен кезеңділік негізінде жеткілікті еркін жарналар салуға тырысады. Қатысушы-мемлекеттер өз ішкі заңнамасына және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес жоғарыда көрсетілген есепшотқа қылмыстардан

түскен ақшалай қаражаттың белгілі бір үлесін немесе осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тәркіленген мүліктердің тиісті құнын аудару мүмкіндігін ерекше қарастыруы мүмкін;

d) басқа мемлекеттер мен қаржылық мекемелерді көтермелеу және сендіру, тиісті жағдайларда осы бапқа сәйкес жасалатын күш-жігер жұмсауда оларға қосылу, оның ішінде дамушы елдердің осы Конвенцияның мақсаттарына жетуіне көмектесу үшін оларға кадрлар даярлау бағдарламасы мен қазіргі заманғы жабдықтарды анағұрлым көп көлемде қамтамасыз ету арқылы көтермелеу және сендіру үшін нақты күш-жігер жұмсайды.

3. Бұл шаралар шетелдік көмекке қатысы бар міндеттемелерге немесе екі жақты, өңірлік немесе халықаралық деңгейдегі қаржылық ынтымақтастықтар туралы басқа да уағдаластықтарға мүмкіндігінше зиян келтірмейді.

4. Қатысушы-мемлекеттер осы Конвенцияда көзделген халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ трансұлттық ұйымдасқан қылмыстардың алдын алу мен анықтауға және оған қарсы күреске қажетті қаржылық уағдаластықтарды ескере отырып, материалдық-техникалық көмек туралы екі жақты немесе көп жақты келісімдер немесе уағдаластықтар жасасуы мүмкін.

### **31-бап Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстардың алдын алу**

1. Қатысушы-мемлекеттер ұлттық жобалар әзірлеуге және олардың тиімділігін бағалауға, сондай-ақ трансұлттық ұйымдасқан қылмыстардың алдын алуға бағытталған практика мен саясаттың оңтайлы түрлерін анықтауға және енгізуге тырысады.

2. Қатысушы-мемлекеттер өз ішкі заңнамасының негізге алынатын принциптеріне сәйкес, заңнамалық, әкімшілік немесе басқа да шаралар қабылдау арқылы ұйымдасқан қылмыстық топтардың тиісті қылмыстардан түскен табыстарды пайдаланып, заңды нарықта іс-қимылдар жасаудың қазіргі немесе болашақ мүмкіндіктерін қысқартуға тырысады. Мұндай шаралар:

a) құқық қорғау органдары немесе прокуратура органдары және тиісті, оның ішінде экономиканың әртүрлі секторларындағы жекеменшік ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға;

b) көпшілік және тиісті жекеменшік ұйымдардың жұмысындағы адалдықты қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен рәсімдерді, сондай-ақ тиісті кәсіптердің өкілдері үшін, атап айтқанда адвокаттардың, нотариустардың, салық салу мәселелері жөніндегі консультанттар мен бухгалтерлердің тәртіп кодекстерін әзірлеуге көмек көрсетуге;

c) жария органдар өткізетін сауда рәсімдерін және коммерциялық қызметті жүзеге асыру үшін жария органдар беретін субсидиялар мен лицензияларды ұйымдасқан қылмыстық топтар тарапынан асыра пайдаланудың алдын алуға;

d) ұйымдасқан қылмыстық топтар тарапынан заңды тұлғаларды теріс пайдаланудың алдын алуға жұмылдырылуға тиіс. Мұндай шараларға:

i) заңды тұлғалар құруға, оларды басқаруға және оларды қаржыландыруға қатысатын заңды және жеке тұлғалардың жария тізілімін жасау;

ii) сот шешімі бойынша немесе басқа да тиісті тәсілдер арқылы осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстар үшін сотталған адамдарды орынды уақыт мерзіміне олардың юрисдикция шегінде тіркелген заңды тұлғалардың басшылары лауазымын атқару құқығынан айыру мүмкіндігі;

iii) заңды тұлғалар басшыларының лауазымын атқару құқығынан айырылған адамдардың ұлттық жария тізілімін жасау;

iv) басқа Қатысушы-мемлекеттердің құзыретті органдарымен осы (d)(i) және (iii) тармақшаларында көрсетілген тізілімдерде ақпаратпен алмасу кіруі мүмкін.

3. Қатысушы-мемлекеттер осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстар үшін сотталған адамдардың қоғамын реинтеграциялауға жәрдемдесуге тырысады.

4. Қатысушы-мемлекеттер тиісті мәселелер бойынша бар құқықтық құжаттарды және әкімшілік практикаларды ұйымдасқан қылмыстық топтар тарапынан теріс пайдалану тұрғысынан олардың осал жерлерін анықтау мақсатында мезгіл-мезгіл бағалау жүргізіп отыруға тырысады.

5. Қатысушы-мемлекеттер қоғамның трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың болу фактісін, себептері мен қауіпті сипатын, сондай-ақ ол төндіретін қауіпті түсінуін тереңдетуде жәрдемдесуге тырысады. Тиісті ақпаратқа сондай қылмыстардың алдын алуға және оған қарсы күреске тұрғындардың қатысуына жәрдемдесу жөніндегі шаралар туралы мәліметтер кіреді және тиісті жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылуы мүмкін.

6. Әрбір Қатысушы-мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың алдын алу жөніндегі шаралар әзірлеуде басқа да Қатысушы-мемлекеттерге көмек көрсете алатын органның немесе органдардың атауын және мекен-жайын хабарлайды.

7. Қатысушы-мемлекеттер, тиісті жағдайларда, осы бапта көрсетілген шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруға жәрдемдесуде бір-бірімен және тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдармен ынтымақтасады. Бұған, мысалы, трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтар қызметіне көзқарас тұрғысынан алғанда қолайсыз әлеуметтік жағдайдағы халық топтарының осал жерлерін анықтайтын жағдайларды жақсарту арқылы трансұлттық ұйымдасқан қылмыстың алдын алуға бағытталған халықаралық жобаларға қатысу кіреді.

## **32-бап Конвенцияға Қатысушылар Конференциясы**

1. Осымен Қатысушы-мемлекеттердің трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестегі мүмкіндіктерін кеңейту, сондай-ақ осы Конвенцияны жүзеге асыруға

жәрдемдесу және оның жүзеге асырылу барысына шолу жүргізу мақсатында Конвенцияға Қатысушылар Конференциясы құрылады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей Қатысушылар Конференциясын шақырады. Қатысушылар Конференциясы рәсімдер ережелерін және осы баптың 3-4-тармақтарында көрсетілген қызмет түрлерін (оның ішінде қызметтің осы түрлерін жүзеге асыру кезіндегі шығындарды төлеуге қатысты ережелерді) реттейтін ережелер қабылдайды.

3. Қатысушылар Конференциясы осы баптың 1-тармағында аталған мақсаттарға жету үшін механизмдерді келіседі, оған мыналар кіреді:

а) осы Конвенцияның 29, 30, 31-баптарына сәйкес Қатысушы-мемлекеттердің қызметіне, оның ішінде өз еркімен берілген жарналарды жұмылдыруға жәрдемдесу арқылы көмектесу;

б) Қатысушы-мемлекеттер арасында трансұлттық ұйымдасқан қылмыстардың нысандары және осы саладағы үрдістер туралы, сондай-ақ оған қарсы күрестің табысты әдістері туралы ақпарат алмасуға көмектесу;

с) тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдармен, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық;

д) осы Конвенцияны жүзеге асыру туралы мәселені мезгіл-мезгіл қарастыру;

е) осы Конвенцияны жетілдіруге және оны жүзеге асыруға қатысты ұсыныстар шығару.

4. Осы баптың 3-(d) және (e) тармақтарындағы мақсаттар үшін Қатысушылар Конференциясы осы Конвенцияны жүзеге асыру үшін Қатысушы-мемлекеттер қабылдаған шаралар және бұл ретте кездескен қиындықтар туралы олар берген ақпарат негізінде және Қатысушылар Конференциясы құруы мүмкін шолу жүргізудің қосымша тетіктері арқылы қажетті мәліметтер алады.

5. Әрбір Қатысушы-мемлекет Қатысушылар Конференциясына осы Конвенцияны жүзеге асыруға бағытталған бағдарламалары, жоспарлары және практикасы, сондай-ақ заңнамалық және әкімшілік шаралар туралы Қатысушылар Конференциясы қажет ететіндей ақпарат ұсынады.

### **33-бап Хатшылық**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Конвенцияға Қатысушылар Конференциясына қажетті хатшылық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

2. Хатшылық:

а) Қатысушылар Конференциясына осы Конвенцияның 32-бабында айтылған қызметті жүзеге асыруда көмек көрсетеді, сондай-ақ Қатысушылар Конференциясының сессияларын ұйымдастырады және оларды қажетті қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді;

b) өтініш бойынша Қатысушы-мемлекеттерге осы Конвенцияның 32-бабының 5-тармағында көзделгендей Қатысушылар Конференциясына ақпарат беруде көмек көрсетеді; және

c) басқа да тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдардың хатшылықтарымен қажетті үйлестіруді қамтамасыз етеді.

### **34-бап Конвенцияны жүзеге асыру**

1. Әрбір Қатысушы-мемлекет өз ішкі заңнамасының негізге алынатын принциптеріне сәйкес қажетті шаралар қабылдайды, оған осы Конвенцияға сәйкес өз міндеттемелерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін, заңнамалық және әкімшілік шараларды қоса кіреді.

2. Осы Конвенцияның 5, 6, 8 және 23-баптарына сәйкес осындай деп танылған қылмыстар, осы Конвенцияның 5-бабына сәйкес ұйымдасқан қылмыстық топтың қатыстылық элементінің бар-жоғы талап етілетін жағдайлардан басқа, осы Конвенцияның 3-бабының 1-тармағында көрсетілгендей трансұлттық сипаттың элементтеріне немесе ұйымдасқан қылмыстық топтың қатыстылығына байланыссыз әрбір Қатысушы-мемлекеттің ішкі заңнамасында осындай қылмыс деп танылады.

3. Әрбір Қатысушы-мемлекет трансұлттық ұйымдасқан қылмыстардың алдын алу және оған қарсы күрес үшін осы Конвенцияда көзделген шаралардан гөрі қатал немесе қатаң шаралар қабылдауы мүмкін.

### **35-бап Дауларды реттеу**

1. Қатысушы-мемлекеттер осы Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану жөніндегі дауларды келіссөздер арқылы реттеуге тырысады.

2. Орынды уақыт мерзімі ішінде келіссөздер арқылы реттелмейтін осы Конвенцияны түсіндіру немесе қолдану жөніндегі екі немесе одан да көп Қатысушы-мемлекеттің арасындағы кез келген дау осы Қатысушы-мемлекеттердің бірінің өтініші бойынша төрелік талқылауға беріледі. Егер төрелік туралы өтініш берген күннен бастап алты ай ішінде Қатысушы-мемлекеттер оны ұйымдастыру туралы бір келісімге келе алмаса, осы Қатысушы-мемлекеттердің кез келгені Соттың мәртебесіне сәйкес өтініш жазып, дауды Халықаралық Сотқа беруі мүмкін.

3. Әрбір Қатысушы-мемлекет осы Конвенцияға қол қою, оны ратификациялау, қабылдау немесе бекіту не оған қосылу кезінде өзін осы баптың 2-тармағының ережелерімен байланысты деп санамайтыны туралы мәлімдеуі мүмкін. Басқа Қатысушы-мемлекеттер осындай ескерту жасаған кез келген Қатысушы-мемлекетке қатысты осы баптың 2-тармағының ережелерімен байланысты емес.



4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес ескерту жасаған кез келген Қатысушы-мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлама жіберу арқылы осы ескертуді кез келген уақытта алып тастауы мүмкін.

### **36-бап Қол қою, бекіту, қабылдау, бекіту және қосылу**

1. Осы Конвенция 2000 жылғы 12-15 желтоқсан аралығында Палермода Италия, ал содан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде Нью-Йоркте 2002 жылғы 12 желтоқсанға дейін барлық мемлекеттің қол қоюы үшін ашық.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес осындай ұйымның кем дегенде бір мүше мемлекеті осы Конвенцияға қол қойған жағдайда осы Конвенция экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымдары үшін де ашық.

3. Осы Конвенция ратификациялануға, қабылдануға немесе бекітілуге жатады. Ратификациялық грамоталар немесе қабылдау немесе бекіту туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады. Экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымы егер кем дегенде оның бір мүше-мемлекеті осылай жасаса, өз ратификациялық грамотасын немесе қабылдау не бекіту туралы құжатын сақтауға тапсыруы мүмкін. Сол ратификациялық грамотада немесе қабылдау немесе бекіту туралы құжатта сондай ұйым осы Конвенцияда реттелетін мәселелерге қатысты өз құзыреті саласы туралы мәлімдейді. Сондай ұйым депозитарийге өз құзыреті саласындағы кез келген тиісті өзгеріс туралы да хабарлайды.

4. Кез-келген мемлекеттің немесе экономикалық интеграция өңірлік ұйымының кем дегенде бір мүше-мемлекеті осы Конвенцияның қатысушысы жағдайда осы Конвенция олардың қосылуы үшін ашық. Қосылу туралы құжат Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады. Қосылу кезінде экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымы осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты өз құзыретінің аясы туралы мәлімдейді. Осындай ұйым депозитарийге өз құзыреті аясындағы кез келген тиісті өзгеріс туралы да хабарлайды.

### **37-бап Хаттамалармен өзара байланыс**

1. Осы Конвенция бір немесе бірнеше хаттамамен толықтырылуы мүмкін.

2. Хаттаманың қатысушысы болу үшін мемлекет немесе экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымы да осы Конвенцияның қатысушысы болуға тиіс.

3. Осы Конвенцияның Қатысушы-мемлекеті, егер ол хаттама ережелеріне сәйкес оның қатысушысы болмаса, хаттамамен байланысты емес.

4. Осы Конвенцияға қатысты кез келген хаттама осы Конвенциямен бірге осы хаттаманың мақсаттары ескеріле отырып түсіндіріледі.

### **38-бап Күшіне енгізілуі**

1. Осы Конвенция қыркыншы ратификациялық грамотаны немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырған күннен кейінгі тоқсаныншы күні күшіне енеді. Осы тармақтың мақсаты үшін экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымы сақтауға тапсырған кез келген осындай грамота немесе құжат осындай ұйымның мүше мемлекеттері сақтауға тапсырған грамоталарға немесе құжаттарға қосымша ретінде қаралмайды.

2. Осы Конвенцияны ратификациялайтын, қабылдайтын немесе бекітетін не қыркыншы ратификациялық грамота немесе осындай әрекет туралы құжат сақталуға тапсырылғаннан кейін оған қосылатын әрбір мемлекет немесе экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымы үшін осы Конвенция осындай мемлекет немесе ұйым тиісті грамотаны немесе құжатты сақтауға тапсырған күннен кейін отызыншы күні күшіне енеді.

### **39-бап Түзетулер**

1. Осы Конвенция күшіне енгізілген соң бес жылдан кейін Қатысушы-мемлекет түзету ұсынып, оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жолдауы мүмкін, ол ұсынылған түзетуді сол ұсынысты қарау және ол бойынша шешім қабылдау үшін Қатысушы-мемлекеттерге және Конвенцияға Қатысушылар Конференциясына жолдайды. Қатысушылар Конференциясы әрбір түзету бойынша келісімге жету үшін бар күш-жігерін салады. Егер келісімге жету бойынша барлық күш-жігер таусылса және келісімге қол жетпесе, онда соңғы шара ретінде, түзетуді қабылдау үшін Қатысушылар Конференциясының отырысында дауыс беруде болған және оған қатысқан Қатысушы-мемлекеттердің үштен екі көпшілік даусы талап етіледі.

2. Өз құзыреті аясына жататын мәселелерде экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымдары осы Конвенцияның қатысушылары болып табылатын мүше-мемлекеттер санына тең дауыстары болғанда өзінің дауыс беру құқығын осы бапқа сәйкес жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған түзету Қатысушы-мемлекеттердің ратификацияланған, қабылдауына немесе бекітуіне жатады.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған түзету ратификациялық грамотаны немесе осындай түзетуді қабылдау не бекіту туралы құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсан күн өткен соң Қатысушы-мемлекетке қатысты күшіне енеді.

5. Түзету күшіне енген кезде онымен байланысты болуға келісім білдірген Қатысушы-мемлекеттер үшін ол міндетті болады. Басқа Қатысушы-мемлекеттер осы Конвенцияның ережелерімен және олар бұрын ратификациялаған, қабылдаған немесе бекіткен кез келген түзетумен байланысты болып қала береді.

### **40-бап Күшін жою**

1. Қатысушы-мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жазбаша хабарлама жолдау арқылы осы Конвенцияның күшін жою мүмкін. Сондай күшін жою Бас хатшы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін бір жылдан кейін күшіне енеді.

2. Экономикалық интеграцияның өңірлік ұйымының барлық мүше-мемлекеттері осы Конвенцияның күшін жойған кезде ол осы Конвенцияның қатысушысы болуын тоқтатады.

3. Осы Конвенцияның күшін осы баптың 1-тармағына сәйкес жою оның кез келген хаттамасының күшін жоюға әкеліп соқтырады.

#### **41-бап Депозитарий және тілдер**

1. Осы Конвенцияның депозитарий ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысы тағайындалады.

2. Ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндері тең түпнұсқалық болып табылатын осы Конвенцияның түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына сақтауға тапсырылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН өз үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген, төменде қол қойған өкілетті өкілдер осы Конвенцияға қол қойды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясының мәтіні аудармасының дұрыстығын куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігі

Штабының Халықаралық ынтымақтастық

бастығының орынбасары

полиция капитаны

Ғ. Әушәріп

**РҚАО ескертуі. Бұдан әрі мәтін ағылшын, француз, испан, араб және қытай тілдерінде берілген.**